

Кентау қаласының жерлерді аймақтарға бөлу схемасы туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 57 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 3939 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 29 маусымдағы № 149 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 29.06.2022 № 149 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 бабының 2 тармағына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кентау қаласының жерді аймақтарға бөлу схемасы бекітілсін (қосымша қоса тіркеледі).
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Ж. Құрманбеков

Т. Балабиев

Кентау қалалық мәслихатының

2016 жылғы "28" қарашадағы

№ 57 шешіміне қосымша

Кентау қаласының жерлерін аймақтарға бөлу схемасы

№ 1 бағалау аймағына 19-304-022, 19-304-023 кадастрық бөлігіне кіретін 1-ші есептік аймақ енгендегі шекарасы: Сейфуллин мен Құралбаев көшелерінің қызылысынан Сейфуллин көшесімен солтүстік–шығысқа Қонаев даңғылы дейін, Қонаев даңғылымен солтүстікке Панфилов көшесіне дейін, Панфилов көшесімен солтүстік – шығысқа Логинов көшесіне дейін, аурухана, балабақша мен жеке секторды айналып өтіп Төле би көшесіне дейін, Төле би көшесімен солтүстік-шығысқа Логинов көшесіне дейін, Логинов көшесімен солтүстік Абылайхан көшесіне дейін, жеке секторды айналып өтіп Жамбыл көшесіне дейін, Жамбыл көшесімен оңтүстік-шығысқа Алтынсарин көшесіне дейін,

Алтынсарин көшесімен оңтүстік –шығысқа А.Яссави даңғылына дейін, Яссави даңғылымен оңтүстік-шығысқа Абай даңғылына дейін, Абай даңғылымен оңтүстік-батысқа Аль-Фараби көшесіне дейін, Аль-Фараби көшесімен оңтүстік батысқа Құралбаев көшесіне дейін, Құралбаев көшесімен Сейфуллин көшесіне дейін.

№ 2 бағалау аймағына 19-304-023 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 2-ші және 3-ші есептік аймақтар енгендеңі шекарасы: Төле би көшесі мен Логинов көшесі қызылысынан оңтүстік-батысқа Гагарин көшесіне дейінгі жеке секторлар және Логинов-Тоқтаров-Абылай хан және Жамбыл көшелерінің аралығындағы жеке сектор.

№ 3 бағалау аймағына 19-304-022 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 4-ші және 5-ші есептік аймақтар енгендеңі шекарасы: Валиханов пен Рысқұлов көз шелерінің қызылысынан Рысқұлов көшесімен солтүстік-шығысқа Дулатов көшесіне дейін, Дулатов көшесімен Байтереков көшесіне дейін, Байтереков көшесімен оңтүстік-батысқа Алтынсарин көшесіне дейін, Алтынсарин көшесімен оңтүстік-батысқа А.Яссави даңғылына дейін, А.Яссави даңғылымен оңтүстік-шығысқа Абай даңғылына дейін, Абай даңғылымен оңтүстік-батысқа Аль-Фараби көшесіне дейін, Аль-Фараби көшесімен оңтүстік-шығысқа Момышұлы көшесіне дейін, Момышұлы көшесімен оңтүстік-батысқа Валиханов көшесіне дейін, Валиханов көшесімен оңтүстік-батысқа Рысқұлов көшесіне дейін және Сейфуллин көшесі мен Қонаев даңғылының қызылысынан Қонаев даңғылымен оңтүстікке Құралбаев көшесіне дейін, Құралбаев көшесімен батысқа Сейфуллин көшесіне дейін, Сейфуллин көшесімен шығысқа Қонаев даңғылына дейін.

№ 4 бағалау аймағына 19-304-023, 19-304-025 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 6-шы, 9-шы және 12-ші есептік аймақтар енгендеңі шекарасы: Сейфуллин көшесімен Қонаев даңғылының қызылысынан Қонаев даңғылымен солтүстікке Панфилов көшесіне дейін, Панфилов көшесімен солтүстік-шығысқа Логинов көшесіне дейін, Логинов көшесімен оңтүстікке Сейфуллин көшесіне дейін, Сейфуллин көшесімен оңтүстік-батысқа Қонаев даңғылына дейін;

Дулатов көшесі мен Байтереков көшесінің қызылысынан Дулатов көшесімен солтүстікке Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін, Құрманғазы көшесімен оңтүстік-шығысқа Құралбаев көшесіне дейін, Құралбаев көшесімен батысқа Қонаев даңғылына дейін, Қонаев даңғылымен солтүстікке Сейфуллин көшесіне дейін, Сейфуллин көшесімен шығысқа Логинов көшесіне дейін, Логинов көшесімен солтүстікке Дулатов көшесіне дейін, Дулатов көшесімен батысқа Байтереков көшесіне дейін;

Аль-Фараби мен Құралбаев көшелерінің қызылысынан Құралбаев көшесімен оңтүстік-шығысқа Сейфуллин көшесіне дейін, Сейфуллин көшесімен оңтүстік-

батысқа Валиханов көшесіне дейін, Валиханов көшесімен солтүстік-батысқа 67-ші кварталға дейін балабақша жер учаскесімен қоса, солтүстікке Құралбаев көшесіне дейін 60-шы квартал түгелдей.

№ 5 бағалау аймағына 19-304-023 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 7-ші есептік аймақ енгендегі шекарасы: Дулатов көшесімен Логинов көшесінің қылышынан Логинов көшесімен оңтүстік-шығысқа Жамбыл көшесіне дейін, Жамбыл көшесімен оңтүстік-батысқа Байтереков көшесіне дейін, Байтереков көшесімен солтүстік-шығысқа Дулатов көшесіне дейін, Дулатов көшесімен шығысқа Логинов көшесіне дейін.

№ 6 бағалау аймағына 19-304-021, 19-304-122, 19-304-025 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 8-ші, 10-шы және 11-ші есептік аймақтар енгендегі шекарасы:

F.Мұратбаев көшесімен Байтереков көшесінің қылышынан Байтереков көшесімен Дулатов көшесіне дейін, Дулатов көшесімен әрі қарай Рысқұлов көшесімен оңтүстік-батысқа Валиханов көшесіне дейін, Валиханов көшесімен солтүстікке Озерный көшесіне дейін, Озерный көшесімен Тәжімбетов көшесіне дейін, Тәжімбетов көшесімен оңтүстік-шығысқа F. Мұратбаев көшесіне дейін, Мұратбаев көшесімен шығысқа Байтереков көшесіне дейін;

Құралбаев көшесінен КПЭС базасының алдындағы көшесімен оңтүстікке Садовый көшесіне дейін, Садовый көшесімен оңтүстік-батысқа Сейфуддин көшесіне дейін Сейфуллин көшесімен оңтүстік батысқа Құралбаев көшесіне дейін, Құралбаев көшесімен солтүстік-шығысқа КПЭС базасына дейін;

Валиханов көшесімен Шәкәрім көшесінің қылышынан Шәкәрім көшесімен оңтүстікке-батысқа Диагональный көшесіне дейін, Диагональный көшесімен оңтүстік-шығысқа Рысқұлов көшесіне дейін, Рысқұлов көшесімен оңтүстік-батысқа Байтұрсынов көшесіне дейін, Байтұрсынов көшесімен оңтүстік-шығысқа Төле би көшесіне дейін, Төле би көшесімен солтүстік-шығысқа "Юго-Западная" ТК-на дейін, "Юго-Западная" ТК-нан Валиханов көшесіне дейін, Валиханов көшесімен балабақша жер учаскесіне дейін, әрі қарай солтүстік-шығысқа 67-ші кварталмен қоса Аль-Фараби көшесімен солтүстік-шығысқа Құралбаев көшесіне дейін, Құралбаев көшесімен солтүстікке Момышұлы көшесіне дейін, Момышұлы көшесімен батысқа Валиханов көшесіне дейін, Валиханов көшесімен солтүстік-батысқа Шәкәрім көшесіне дейін.

№ 7 бағалау аймағына 19-304-018, 19-304-019 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 3-ші есептік аймақ енгендегі шекарасы: Худайбергенов көшесі мен Жұмабаев көшесінің қылышынан Байтұрсынов көшесімен оңтүстік-шығысқа Төле би көшесіне дейін, Төле би көшесімен солтүстік-шығысқа "Юго-Западная" ТК-на дейін, "Юго-Западная" ТК-нан оңтүстік-батысқа Валиханов көшесіне

дейін, Валиханов көшесімен оңтүстік-шығысқа Сейфуллин көшесіне дейін, Сейфуллин көшесімен оңтүстік-батысқа қаланың шекарасына дейін, оңтүстік және батыс бөліктері қала жерлерінің шекараларымен шектеледі.

№ 8 бағалау аймағына 19-304-020, 19-304-024 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 14-ші және 16-шы есептік аймақтар енгендегі шекарасы:

Валиханов көшесімен оңтүстікке Шәкәрім көшесіне дейін, Шәкәрім көшесімен оңтүстік-батысқа Диагональный көшесіне дейін, Диагональный көшесімен оңтүстік-шығысқа Рысқұлов көшесіне дейін, Рысқұлов көшесімен оңтүстік-батысқа Байтұрсынов көшесіне дейін, Байтұрсынов көшесімен солтүстік-батысқа Худайбергенов пен Жұмабаев көшелерінің қылышына дейін, оңтүстік батыс бөлігі қала жерлерінің шекараларымен шектеледі.

Оңтүстік-батысқа Ачисайская көшесімен темір жолға дейін, солтүстік және солтүстік шығысы темір жолмен, оңтүстік батысы Базарная көшесімен шектеледі .

№ 9 бағалау аймағына 19-304-017, 19-304-018, 19-304-024, 19-304-026, 19-304-027, 19-304-027 кадастрық кварталдың бөлігі кіретін 15-ші, 17-ші, 18-ші және 19-шы есептік аймақтан енгендегі шекарасы:

Оңтүстік, Оңтүстік-батысы мен солтүстік шығысынан темір жолмен шектеліп қалалық газ мекемесіне дейін, ал солтүстік пен солтүстік шығысы жоспарсыз салынған жер участкерімен шектеледі. Мельничный елді мекені, темір жолмен өнеркәсіптік алқаптар кіреді.

Кентай қаласы елді мекендері жерлерін аймақтарға бөлу схемасы

№ 1 бағалау аймағына 19-304-104 кадастрық кварталға кіретін Байылдыр елді мекені әкімшілігіне қарасты жерлер жатады.

№ 2 бағалау аймағына 19-304-015, 19-304-016 кадастрық кварталдарға кіретін Хантағы елді мекені әкімшілігіне қарасты жерлер жатады.

№ 3 бағалау аймағына 19-304-004, 19-304-005, 19-304-006, 19-304-007 кадастрық кварталдарға кіретін Қарнақ ауылы әкімшілігіне қарасты жерлер жатады.

№ 4 бағалау аймағына 19-304-009 кадастрық кварталға кіретін Құшата участкесі, 19-304-032 кадастрық кварталға кіретін Бұргем участкесі Қарнақ ауылы әкімшілігіне қарасты жерлер жатады.

№ 5 бағалау аймағына 19-304-008 кадастрық кварталға кіретін Шаштебе участкесі, 19-304-011 кадастрық кварталға кіретін, 19-304-010 кадастрық кварталға кіретін Ақынтума участкесі, Қарнақ ауылы әкімшілігіне қарасты жерлер жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК